

**Кожбаева Гульбакыт Канатовна**  
**6D020700 – «Аударма ісі» мамандығы бойынша**  
**(PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін жазылған**  
**«Американдық көп мәдениетті әдебиетті ағылшын тілінен орыс тіліне**  
**аударудың лингвомәдени аспектісі» тақырыбындағы диссертацияға**  
**АНДАТПА**

Қазіргі жаһандық қоғам – өркениеттердің қарқынды интеграциясы қалыптасқан синтезделген моделі. Қоғамдық сананың парадигмасы ретінде түсінілетін *метамодерн* қазіргі заманның әртүрлі философиялық және әлеуметтік-мәдени үрдістерін біріктіреді және сындарлы және бейімделгіш мәдениетаралық өзара әрекеттесуге ықпал етеді. *Көпмәдениеттілік* метамодерннің негізгі тұжырымдамасы бола отырып, барлық этномәдени топтар өздерінің лингвомәдени мұраларын сақтауға, ассимиляциялауға немесе өзара байытатын әлеуметтік даму процесінде шекаралық сәйкестікке ие бола алатын мәдени және алуан түрлі кеңістікті ұйымдастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл тұрғыда, әдебиет объективті шындықты түсінудің бір түрі ретінде әрекет ете отырып, заманауи әлеуметтік-мәдени процестерді, соның ішінде көпмәдениетті американдық әдебиеттерде ерекше көрінетін метамодерндік үрдістерді толық бейнелейді. Ч.Н.Адичи, О.Грушинин, Х.Диас, Х.Хосейни, Э.Тан, және басқа да көпмәдениетті авторлардың шығармалары мәдениеттер мен тілдердің түйіскен жеріндегі интермедиялық өнім бола отырып, нәсілдік, этномәдени, және көпмәдениетті қоғамның барлық өкілдерінің тілдік әртүрлілігі және американдық қоғамдағы мәдени түсіністікке ықпал етеді.

Американдық көпмәдениетті әдебиеттің аудармасы метамодернистік әртүрліліктің өзіне тән ерекшелігін жаһандық деңгейде жеткізудің негізгі факторы болып табылады. Мәдени шекаралардың трансгрессия процесі ретінде аударма мәнмәтіндік және этникалық-сәйкестендіру функцияларын орындайтын сюжеттік-тақырыптық мазмұнды да, лингвомәдени сипаттамаларды да бірдей жеткізуді талап етеді. Көпмәдениетті әдебиеттерді аударудың негізгі міндеті этномәдени бірегейлікті барабар беру болып табылады, ең алдымен тілдік құралдардың лингвомәдени шарттылығы арқылы жан-жақты көрінеді. Бұл зерттеу жұмысы көп деңгейлі тілдік және мәдени детерминизмді ескеретін және бастапқы мәтіннің этнолингвомәдени ерекшеліктерінің барабар аудармасына қол жеткізуге мүмкіндік беретін көпмәдениетті әдебиеттерді аударудың лингвомәдени тәсілдемесін негіздейді.

Тұтас алғанда, *метамодерннің* философиялық және әлеуметтік-мәдени негіздерін және оның *көпмәдениеттілікті*, атап айтқанда *американдық көпмәдениетті әдебиетті* қамтитын аспектілерін қазіргі ғалымдар түбегейлі зерттеді (Р. ван ден Аккер, Г. Анзалдуа, З. Бауман, Т. Вермюлен, У. Кимлика, Н. Қирабаев, Э. Саид, М. Тлосанова, С. Д. Тротман, П. Е. Хейке, А.Флерас, және басқалары). Алайда, әдебиеттанудағы көпмәдениеттілікке арналған зерттеулер көбінесе бір этномәдени бағытпен немесе шығармамен шектелетінін атап өткен жөн.

Өз кезегінде, американдық көпмәдениетті әдебиеттерді аудару саласындағы теориялық жұмыстарды талдау, сонымен қатар қолданыстағы аударма зерттеулерінің назары аударманың кейбір аспектілерін зерттеуге бағытталған деп айтуға негіз береді, мысалы, билингвизмді аудару, гендерлік сәйкестікті аудару немесе автордың туған этномәдениетінің шығарманың бейнелеу құралдарын жасауға әсері (Е.Гентцлер, А.С.Зентелла, В.Нгуен, Е.С.Нельсон, А.Портес, М.Е.Санчес және т. б.).

Жоғарыда айтылғандар қазіргі әдеби процестегі біртұтас құбылыс ретінде американдық көпмәдениетті әдебиеттерді интегративті пәнаралық зерттеу және этникалық сәйкестендіру функцияларын орындайтын нақты лингвомәдени ерекшеліктерді анықтау қажет деп айтуға негіз болады. Лингвомәдени реңкті білдірудің әмбебап баяндау және лексикалық-семантикалық аспектілерін кешенді зерттеу аударманың лингвомәдени тәсілдемесіне негізделген барабар аударма әдістерін анықтау үшін қажет.

Жалпы, аударманың лингвомәдени аспектілері көркем әдебиеттің аудармасынан бастау алады. Алайда, теориялық шолу көрсеткендей, аударматанудағы лингвомәдени тәсілдемесі белгілі бір ізденіс негізінде бір лингвомәдениет шеңберінде жеке лингвомәдениреңктегі лексикалық немесе стилистикалық бірліктердің аудармасын зерттеумен сипатталады (А.С.Ермагамбетова, А.М.Алдашева, Ж.Ж.Манапбаева, Я.В. Голованова, Ж.Жумай, Л.Лэй, А.Абаган және т. б.).

Айта кету керек, көпмәдениетті әдебиеттерді аударудың теориялық негіздері жеткілікті түрде әзірленбеген, бұл аударма күрделілігін анықтайтын лингвомәдени аспектілерді тұтас анықтау, американдық көпмәдениетті әдебиеттерді аударманың лингвомәдени тәсілдемесі тұрғысынан аударудың барабарлығына қол жеткізу және бағалау тәсілдерін анықтау қажеттілігін тудырады.

Осылайша, жоғарыда аталған факторлар зерттеу тақырыбының өзектілігін анықтайды.

**Зерттеу нысаны** – қазіргі заманғы американдық көпмәдениетті әдебиеттің көркем аудармасы.

**Зерттеу пәні** американдық көпмәдениетті әдебиеттің құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктерін ағылшын тілінен орыс тіліне аударудың лингвомәдени аспектісі болып табылады.

**Зерттеудің мақсаты** – американдық көпмәдениетті әдебиеттің лингвомәдени реңк ерекшеліктерін және олардың ағылшын тілінен орыс тіліне барабар аударылуына қол жеткізу жолдарын анықтау.

Мақсатқа жету үшін келесі **міндеттер** қойылады және шешімін табады:

-*метамодерннің* әлеуметтік парадигмасының философиялық, әлеуметтік-мәдени және филологиялық үрдістерін теориялық тұрғыдан зерделу және оның тұжырымдамалық қағидаттарының американдық көпмәдениетті әдебиеттермен байланысын анықтау;

-аударманың лингвомәдени тәсілдемесі тұрғысынан американдық көпмәдениетті әдебиеттерді аудару кезінде туындайтын аударма мәселелерін шешу үшін ең маңызды деп негіздеу;

-американдық көпмәдениетті әдебиеттің лингвомәдени детерминизмін баяндау макроқұрылымы деңгейінде және оны орыс тіліне аудару тәсілдерін анықтау;

-ағылшын тілінен орыс тіліне аударудағы лингвистикалық интерференцияға байланысты американдық көпмәдениетті әдебиеттің лингвомәдени ерекшеліктерін аудару тәсілдерін анықтау;

-ағылшын тілінен орыс тіліне аударудағы лингвомәдени интерференциядан туындаған американдық көпмәдениетті әдебиеттің лингвомәдени ерекшеліктерін беру үшін қолданылатын аударма әдістерін анықтау;

-американдық көпмәдениетті әдебиетті ағылшын тілінен орыс тіліне аударудағы лингвомәдени реңктегі ерекшеліктердің бара-барлық деңгейлерін анықтау.

Әдебиеттану, лингвомәдениеттану, көркем аударма және лингвомәдени тәсілдемесі саласындағы отандық және шетелдік лингвистердің зерттеулері жұмыстың **теориялық-әдіснамалық негізі** болып табылады:

-метамодернді мәдени үрдіс және көпмәдениеттілікпен өзара байланысты ретінде негіздейтін теориялық зерттеулер Р.ван ден Аккер, З.Бауман, Т.Вермюлен, Н.Қирабаев, У.Кимлика, Б.Парех, Д.Стоев, Л.Тернет, П.Хейке, Д.Тротман және басқалар;

-американдық көпмәдениетті әдебиет пен көркем баяндауды зерттеушілер: Г.Анзалдуа, М.В.Тлостанова, М.Заварзаде, Х.Л.Гейтс Мл, С.Ананьева, М.Маданова, А.А.Джундубаева, Ж.Женетт, Ю.М.Лотман, Э.Саид, М.Бахтин, Р.Такаки, А.Р.Ли, Г.Смитерман және басқалар;

-американдық көпмәдениетті әдебиетті аудару мәселелеріне арналған еңбектер: Г.Ч.Спивак, О.Отвелл, Т.Мартинес, А.Плакс, М.Санчес, В.Б.Трейтлер және басқалар;

-аударманың мәдени-бағдарлы теориясы мен лингвомәдени тәсілдемесі аясында жүргізілген зерттеулер: В.Н. Комиссаров, Л.Венутти, С.Басснет, А.Лефевер, Х.Бхабха, Э.Генцлер, М.Бейкер, Е.Найда, А.Алдашева, В.И.Карасик, А.С.Ермагамбетова, А.Ислам, К.К.Каримова, С.Д.Сейденовой, К.С.Кубрякова, А.Б.Абаган, Ж.Ж.Манапбаева, С.С.Мухтарова, Н.Жұмай, А.Қ.Жұмабекова және басқалар;

-көркем аудармадағы эквиваленттілік пен сәйкестікті түсіндіру: В.Н.Комиссаров, К.Райс, М.В.Алимова, К.В.Кулемина, Л.Латышев, А.Д.Швейцер және басқалар.

Жұмыста қойылған мақсаттар мен міндеттер **зерттеудің келесі әдістерін** таңдауды анықтады: теориялық талдау, корпусстық талдау, лингвомәдени мазмұнды талдау, бастапқы және мақсатты мәтіннің аудармалық салыстырмалы талдауы, дескриптивті аударма әдісі, статистикалық талдау әдісі, аударма кезіндегі лингвомәдени талдау.

**Қорғауға төмендегідей тұжырымдар ұсынылады:**

-Американдық көпмәдениетті әдебиет қазіргі қоғамдық сана парадигмасының философиялық, әлеуметтік-мәдени және филологиялық үрдістерін көрсететін метамодернистік әдебиеттің көркем үлгісі болып табылады. *Плюрализм, диффузия және тербеліс/осцилляция/сияқты*

метамодерннің негізгі тұжырымдамалық қағидаттары лингвомәдени тілдік құралдар жүйесінде де, американдық көпмәдениетті авторлардың шығармаларының сюжеттік-тақырыптық мазмұнында да көрінеді. Американдық көпмәдениетті әдебиеттің этномәдени компоненті инклюзивтіліктің құралы болып табылады және мәдениетаралық коммуникацияны сәтті жүзеге асыру үшін көркем аударманы теориялық және практикалық тұрғыдан түсіну қажеттілігін анықтайды. Этномәдени компонент формасы мен мазмұнының көп деңгейлі лингвомәдени детерминизмінде көрініс табады, сәйкесінше американдық көпмәдениетті әдебиеттің аудармасы лингвистикалық теорияның, мәдени бұрылыстың (Culture Turn) және мәдени аударманың (Cultural Translation) негізгі қағидаттарын біріктіретін аударманың лингвомәдени тәсілдемесі тұрғысынан негізделген. Аударманың лингвомәдени тәсілдемесі тұрғысынан түпнұсқа мәтіннің өзара байланысты лингвистикалық және мәдени көріністерін аудармада беру аспектілерін зерттейтін пәнаралық білім саласы болып табылады және аудармадағы американдық көпмәдениетті әдебиеттің лингвомәдени ерекшелігін анықтауға, түсіндіруге және беруге негіз болатын ең өнімді аударма тәсілдемесі болып табылады.

-Американдық көпмәдениетті әдебиеттің лингвомәдени детерминациясы *тақырыптарға, мотивтерге, модусқа* және вербалды құралдарды таңдауға әсер ететін мәдени және лингвистикалық факторлармен қалыптасады және анықталады. Шығарма авторының өз лингвомәдениетінің тілдік нормалары мен мәдени құндылықтары *мәдениетаралық-әдеби, стильденген және аралас модустер* ретінде анықтайтын баяндау *модусының* әртүрлі түрлерінің тілдік макроқұрылымында көрінеді. *Мәдениаралық-әдеби баяндау модусы* әдеби ағылшын тілін өзге мәдениеттің реалийлерімен, сілтемелермен және автордың мәдени сәйкестігі мен сюжеттің көпмәдениетті мәнмәтінін көрсететін басқа элементтермен біріктіреді, бұл зерттеу корпусының жалпы көлемінің 41% құрайды.

*Стильденген баяндау модусы* бұл автордың өз лингвомәдениетінен алынған креолизацияланған, шұбарланған, екі тілді баяндауды имитациялайтын ағылшын тілі және олар американдық көпмәдениетті әдебиеттің 12%-ында қолданылады. *Мәдениаралық-әдеби модуспен стильденген модустың үйлесімі* әдеби ағылшын тілінің баяндау дихотомиясы және стильденген кейіпкерлердің идиолектісі болып табылады және көп мәдениетті авторлардың шығармаларында жиі кездеседі, зерттелетін барлық шығармалардың 47%-ын құрайды. *Тақырыптар мен мотивтерде, модустарда* және басқа лингвомәдени-детерминистік баяндау сипаттамаларында көрінетін макроқұрылымның ерекшелігін анықтау көпмәдениетті американдық шығарманың ерекшелігін барабар жеткізу үшін қажетті аударма стратегиялары мен әдістерін таңдауды анықтайды.

-Американдық көпмәдениетті әдебиеттің лингвомәдени ерекшеліктері өзара байланысты және бірін-бірі лингвистикалық және мәдени толықтырып отырады. Лингвистикалық ерекшелік *екі тілділік, транслингвация, баяндау құрылымында шұбарланған сөйлеу ретінде* көрінетін лингвистикалық интерференция нәтижесінде пайда болады және көркемдік билингвизм, екі

тілдің лингвистикалық құралдарының құрылымдық және семантикалық интеграциясы және стильденген форенизация арқылы көрінеді. Форенизация шеңберіндегі лингвомәдени бейімделудің әртүрлі әдістері (70%) мақсатты лингвомәдениетке бейімделуге бағытталған доместикация әдістерінен (30%) айтарлықтай басым. Жоғарыда аталған аударма әдістерінің шеңберінде *транслитерация* сияқты аударма әдістері нәтижелі болып табылады, мысалы, *параллельді аудармамен және түсіндірме ескертулермен* бірге түпнұсқа мәтіннің формальды және мазмұнды сипаттамаларын сақтау. Аударма мәтінді мақсатты аудиторияның түсінуіне бейімдеу кезінде *мағынаны кеңейту, бейтараптандыру және мәнмәтіндік экспликация* арқылы лингвистикалық ерекшеліктерді жою сияқты *элиминация* әдістерін қолдану тиімдірек болады.

-Тілдер мен мәдениеттердің түйіскен жерінде пайда болатын көпмәдениетті әдебиеттің лингвомәдени ерекшеліктері нақты аударма күрделілігін анықтайды және аударма тілде бастапқы шығарманың көпмәдениетті шарттылығын қайталауға бағытталған аудармаға лингвомәдени тәсілдемесі тұрғысынан қарауды талап етеді. Лингвомәдени ерекшеліктер өзге мәдениетке тән бөгде сөздер, интертекстуалды, этномәдени семантикасы, әдеби және мәдени реминисценциясы бар баламасыз бірліктер болып табылатын бейнелеу құралдарымен мәдени-реңктегі бейнелер, сондай-ақ американдық автордың өз лингвомәдениетінен алынған стилистикалық әдістер арқылы көрінеді. Түсініктемесіз және мағынасының мәнмәтіндік кеңеюімен, түсіндірмелермен, параллель және калькаланған аудармамен транслитерацияны қамтитын форенизация әдістері өзге мәдениеттегі бөгде сөздер мен бейнелеу құралдарының аудармасында лингвомәдени мазмұнның жоғалып кету дәрежесін азайтуға мүмкіндік береді, ал лингвомәдени бейімделу және лингвомәдени ерекшелікті жою, сондай-ақ қабылдауды жеңілдету және мәдени кедергілер азайту арқылы доместикация аударма мәтінін мақсатты лингвомәдениетке біріктіреді. Сілтеме жасалған мәтінді аудару кезінде мақсатты кеңістіктегі қолданыстағы аударманы пайдалану арқылы жүретін доместикация әдісі (басым болады).

-Автордың өз лингвомәдениетінің кешенді әлеуметтік-мәдени және лингвистикалық әсері нақты аударма қиындықтарын анықтайды, оларды дұрыс жеңу үшін көпмәдениетті жұмыс құрылымының барлық деңгейлерін, тілдік құрылым мен синтаксистен, мәдени-тарихи сілтемелер мен лингвомәдениеттердің көркемдік дәстүрлеріне дейін ескеру қажет. Американдық көпмәдениетті әдебиеттің аудармасының сәйкестігін талдау аударма сәйкестігінің үш деңгейіне негізделген. Коммуникация және функционалды доминант мақсатымен сәйкес келетін және орыс тіліне аударылған американдық түпнұсқа мәтіннің көпмәдениеттілігі мен көркемдігінің сенімді релевантты деңгейін анықтайтын *толық туынды деңгейі* басым. Семантикалық-жағдаяттық категорияға ұқсас *баяндау деңгейі* көпмәдениетті *тақырыптар, мотивтер және баяндау модусы* сияқты баяндаудың лингвомәдени аспектілерін беру көлемімен анықталады. Семантикалық-компоненттік эквиваленттілікке сәйкес келетін *лингвомәдени бірліктердің деңгейі* жеке лингвомәдени ерекшеліктердің семантикалық

мазмұны мен мәдени қанықтылығын көрсетеді. Мәдениетаралық коммуникацияның бір түрі ретінде адекватты көркем аударманың негізгі аспектісі метамодерндік парадигманың жалпы қағидаттарын және әлеуметтік дамудың жаһандық көпмәдениетті сценарийіндегі әлеуметтік-мәдени диффузия мен әртүрліліктің өзектілігін көрсететін көпмәдениетті әдебиеттің барлық құрылымдық және функционалдық сипаттамаларының тұтас көрінісі болып табылады.

**Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы:** Лингвомәдени ерекшеліктерді қамтитын және көпмәдениетті шығармалардағы этномәдени сәйкестікті сақтауға және беруге ықпал ететін американдық көпмәдениетті әдебиеттің аударма аспектілері алғаш рет зерттелуде. Көп деңгейлі тілдік және мәдени детерминизмді ескеретін және бастапқы мәтіннің этномәдени ерекшеліктерін сақтай отырып, барабар аудармаға қол жеткізуге мүмкіндік беретін аударманың лингвомәдени тәсілдемесі тұрғысынан зерттеу қажеттілігі ғылыми негізделген.

**Зерттеудің теориялық маңыздылығы** - диссертация аударманың лингвомәдени тәсілдемесінің дамуына және қазіргі заманғы көркем аударманың, атап айтқанда, американдық көпмәдениетті әдебиеттің аударма теориясы мәселелерінің дамуына ықпал етеді.

**Диссертацияның практикалық құндылығы** - зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында көпмәдениетті американдық әдебиеттің лингвомәдени ерекшеліктерін аудару мәселелері бойынша курстарды және көркем аударманың лингвомәдени аспектілері және көркем аударма тәжірибесі бойынша арнайы курстарды әзірлеу үшін пайдалануға болады.

**Зерттеу материалы** - американдық көпмәдениетті әдебиеттің туындылары және олардың орыс тіліндегі аудармалары. Әдеби прозада жалпы қабылданған бес американдық этномәдени топ өкілдерінің шығармалары ұсынылған.

**Зерттеу нәтижелерінің жариялануы:** Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері 9 ғылыми жарияланымда көрсетілді, оның ішінде 1 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағында; 2 мақала халықаралық басылымда; 5 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған республикалық ғылыми журналдарда; 1 мақала халықаралық рецензияланатын Scopus дерекқорына енгізілген журналда жарық көрді.

**Жұмыс құрылымы мен көлемі.** Диссертациялық зерттеу кіріспеден, үш тараудан, тарау бойынша қорытындылардан, қорытындыдан және әдебиеттер тізімінен тұрады.